**«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы тамыз-қараша айларына арналған мектепішілік бақылау жоспарының орындалуы бойынша анықтама**

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша мектепішілік бақылауы сегіз тармақ бойынша жүргізілуде.

**Бірінші тармақ: Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау**

*Тамыз айындағы* әдістемелік кеңесте мектеп мұғалімдері Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негіздерімен таныстырылды. 26 қыркүйекте МЖМБС негіздерін орындалуы тексерілді. Сонымен қатар кеңесте педагогикалық ұжым 2023-2024 жылдарға арналған ӨНХ негіздерімен таныстырылды. Тамыз айындағы өткен бірінші педагогикалық кеңесте ұжым мектептің жұмыс режимі және жұмыс істеу ережелерімен таныстырылды. Педкеңесте мектептің лауазымдық нұсқаулықтарымен танысып мұғалімдер өз функционалдық міндеттерін анықтады.

*Қазан айында* мұғалімдер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 18.03.2008 жылғы № 125 бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі бойынша жұмыстарымен таныстырылды.

Оқу үрдісіндегі крстериалды бағалауды бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 18.03.2008 жылғы №125 бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі бойынша бұйрықпен таныстырылды.

*Қараша айындағы* жоспар бойынша күзгі демалыс кезінде педагогтерге «Педагог мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңын оқып, танысу ұсынылды.

**Екінші тармақ: Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау**

*Тамыз айында* мектепте тарификациялық комиссиясы құрылып, білім беру деңгейлері бойынша мұғалімдердің оқу жүктемелері анықталды. Жаңа оқу жылына мектептің жұмыс оқу жоспары құрылды. 1-11 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарының вариативті бөлігінің пәндері бойынша бағдарламалары әдістемелік кеңесте қаралып, бекітілді. Тұрмысы нашар отбасы балаларын және бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз етілуі бойынша жұмыс ұйымдастырылды. 1-4 сыныптардан 102 оқушы және 5-11 сыныптардан 17 оқушы тегін тамақтанады. Мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары тексерілді және бекітілді. Kundelik.kz сынып журналдары, сабақ кестесі, үзіліс кестелері, оқу сабақ жоспарлары мен пән мұғалімдері енгізілді. Қазан айында мектептің істері номенклатурасы түзетіліп, бекітілді. Ұлттық білім беру деректқорының статистикалық деректерінің білім беру ұйымының нақты деректеріне сәйкестігі тексеріліп, толықтырылды.

*Қазан айында* тізімге сәйкестік мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде қалыптасатын стандартты құжаттарды реттеу мақсатында мектеп істері номенклатурасына түзетулер мен толықтырулар енгізіліп бекітілді. Ұлттық білім беру деректерінің білім беру ұйымының нақты деректеріне сәйкестігі анықталды.

*Қараша айында* Педагог-пән мұғалімдерінің I тоқсан бойынша есеп құжаттамаларының дайындалуы бақыланды. Электрондық деректер қорындағы мәліметтердің дұрыстығы мен

сенімділігін анықтау мақсатында ҰБҚ жинағында және Күнделік кз базасында оқушылар контингеті мен мұғалімдерге қатысты мәліметтердің дұрыстығы зерделенді.

Оқушылар қозғалысы бойынша қатаң есептілік құжаттарының рәсімделу деңгейі анықталды, алфавиттік кітап, оқушылар контингенті туралы бұйрықтар кітаптарына талдау жасалды

**Үшінші тармақ: Оқу процесінің сапасын бақылау**

ҚР "Білім туралы" Заңын орындалуы, Мектеп Жарғысының талаптарын сақтау мақсатында 1,10 сынып оқушыларының құжаттары, сынып тізімдері жинақталды.

Жаңа оқу жылында білім алушыларды бағалау ерекшеліктерін бақылау барысында педагогтердің штаттық форматта оқу жағдайында оқушылардың ағымдағы және аралық аттестаттауға дайындығымен таныстырылды. Білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі өкімдерді, ұсынымдарды сақтау мақсатында оқу процесін штаттық форматта ұйымдастыру қағидаларын зерделеуде ұсыныстар әзірленді. Оқу жылының басындағы оқушылардың пәндік білім деңгейінің сапасы анықталды.

*2 қазан* 2023ж қорытынды аттестацияға дайындық бойынша іс-шаралар жоспарланып, «Үздік аттестат» үміткерлермен жұмыс жоспары құрастырылды. 9-шы сыныптан Мерекеева Дильназ үздік аттестатқа үміткер болуға сәйкес.

*Қараша айында* мектепішілік бақылау жоспары барысында I тоқсандағы оқушылардың тоқсандық үлгерім нәтижелері талданды. Инклюзивті білім берудің жағдайын тексеру, ЕБҚЕ балалардың жеке оқу бағдарламаларын бекіту мақсатында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу үрдісі қадағаланды. 6-сыныптарда музыка, көркем еңбек, дене шынықтыру пәндерінің берілуі бақыланды, пән мұғалімдерінің жұмыс жүйесі, іс-тәжірибелерін талдап, сабақ беру тәсілдері мен шеберліктері тексерілді. Курстардың жүргізілу сапасы бақыланды.

**Төртінші тармақ: Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау**

Оқу жылының басындағы оқушылардың пәндік білім деңгейінің сапасы тексеріліп, 2-11 сыныптарда 4-15 қыркүйек аралығында негізгі пәндер бойынша бастапқы қима жұмыстары өткізілді. Қима жұмыстарының нәтижелері бойынша әр пән мұғалімдері талдау жасап, төмен көрсеткіштермен шыққан оқушыларға олқылақтарды жою жолдарын қарастырды. Бірінші тоқсанның соңында білім сапасы бақылауға алынып, ТЖБ-лар өткізіліп, бір пәннен «3» бар оқушылармен жұмыс жүргізілді. Тоқсан соңында әдістемелік кеңесте білімдегі олқылықтарды толтыру бойынша жасалған жұмыстар талқыланды.

**Бесінші тармақ: Оқу-зерттеу қызметі**

ӘБ отырысында оқу –зерттеу қызметін дамытуға бағытталған оқушылардың вариативті компонентін енгізуге мектептің дайындық деңгейін анықтады. 1-4 сыныптарда таңдамалы курстар, 5-10 сыныптарды «Жаһандық құзыреттілік» және 10, 11-ші сыныптарда элективтік курстары енгізілді. Екінші тоқсанда 5-6 сыныптар, 7-8 сыныптар, 9-11 сыныптар арасында мектепішілік олимпиадалар өткізілді. Бейімделу кезеңінде 1, 5 сыныптардағы сабақтарға әкімшілік және ӘБ жетекшілері қатысып, оқушылардың мектепке және орта буынға қалыптасуын анықтады.

*Қараша айында* оқушылардың шығармашылық қабілетін және ғылыми-танымдық іс-әрекетке қызығушылығын анықтау, дамыту мақсатында жалпы мектепішілік олимпиада өткізілді. Нәтижесінде аудандық олимпиадаға қатысушылардың тізімі анықталып, команда жинақталды.

**Алтыншы тармақ: Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау**

*Қыркүйек айында* ӘБ жұмыс жоспары бекітілді. Әрбір цикл бойынша әдістемелік бірлестігі құрылып, жұмыс жоспарлары бекітілді. Әдістемелік бірлестіктердің тізімі құрылып, ӘБ жетекшілері тағайындалды. Мектепте бес әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды, олар: бастауыш сынып бірлестігі, гуманитарлық циклінің бірлестігі, жаратылыстану-математикалық бірлестігі, эстетикалық бірлестігі және сынып жетекшілер бірлестігі.

Педагогтарды аттестаттау бойынша жоспары құрастылып, жұмыс ұйымдастырылды. 2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімі педкеңесте бекітілді. Сонымен қатар қыркүйек айында жаңадан келген мұғалімдер мен жас мамандар жұмыс жүйесімен таныстырылды, олардың іс-әрекеттері бақылауға алынды.

*Қазан айында* жас мамандардың сабақтарына қатысып, сабақ барысын жүргізу бойынша кеңестер берілді. Құжаттарды жүргізу барысы,сабақтарды өткізу жоспарлары бақылауға алынды.

*Қараша айында* аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу жұмыстары жүргізілді. Мұғалімдердің оқыту деңгейі бақылауға алынды, портфолиосы зерделенді. 2-тоқсанның басында пән мұғалімдерінің қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларына сараптама жүргізілді.

**Жетінші тармақ: Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау**

Сабаққа қатысуды бақылау *Қыркүектің 2-аптасында* себепсіз сабақты босататын оқушылар бақылауға алынды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен координатор бақылау барысында сынып жетекшілермен әңгіме өткізді, журнал бойынша сабаққа қатысуына талдау жүргізді.

Өзін-өзі басқару органдары, оқушылардың фракцияларын құру барысында қазан айында мектеп Президентін сайлауы өтті. Оқушылардың қоғамдық деңгейін зерделеу, өзін-өзі басқару органдарының ұйымдастырылуы бақылауға алынды.

2023-2024 оқу жылына 1-11 сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысын жоспарлау сапасы. Мектептің мақсатты белгілеріне сәйкес тәрбие жұмысының жоспарларына түзетулер енгізілді. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысы жоспарлары мектептің білім беру бағдарламасын сәйкестігі, жоспар мазмұнының балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, шешілетін міндеттердің өзектілігі, мектеп міндеттеріне сәйкестігі тексерілді.

Қосымша білім беру педагогтарының бағдарламалары мен тақырыптық жоспарлауы. (секциялар, үйірмелер) Қосымша білім беру педагогтердің бағдарламалары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауының оқушылардың жас ерекшеліктеріне, «қиын» жасөспірімдерді секция, үйірме жұмыстарына тарту мақсатымен құжаттамаға талдау, тексеру жұмыстары жүргізілді.

1,5 сынып оқушыларының бейімделу қыркүйектің 2-аптасында педагог-психологтың қатысуымен балалардың оқу жылына дайындығын, мұғалімдермен және сыныптастарымен қарым қатынасын талдау мақсатында бақылау жүргізілді.

Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмыс «Денсаулық – сенің байлығың» акциясы қыркүйектің бірінші аптасында өткізілді.

*Қазан айында* оқушылардың сыныптан тыс жұмыспен қамтылуып қадағалау мақсатында сұхбат, сауалнама арқылы мониторинг жүргізілді. Ата-аналар мен білім алушылардың

әлеуметтік мәртебесін талдауға байланысты ата-аналардан сауалнамалар алынды. Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу мақсатында жүргізілген психологтің құжаттамаларына зерделеу жүргізілді. Оқушылардың сыртқы келбеті, сабаққа кешігіп келуіне шолу жүргізіліп, Мектеп Жарғысының талаптарын орындаулуы бақыланды. Тәрбие деңгейін анықтауға арналған сауалнама арқылы мониторинг жүргізілді.

*Қараша айында* 5-11 сынып оқушылар арасында құқық бұзушылықты алдын алу бойынша тәрбие процесін ұйымдастырудың жай-күйін зерттеу жұмыстары бақылауға алынды. Оқушылардың сабаққа қатысуын есепке алыныш, профилактикалық жұмыстардың барысы бақыланды. Сынып жетекшілердің ата-аналар жиналысын өткізуі, тақырыбы мен сапасын зерделенді.

**Сегізінші тармақ: Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау**

*28 тамыз-4 қыркүйек* аралығында оқу кабинеттерін оқу үрдісіне дайындығы тексерілді. Мектепте 20 кабинет паспортталанып, кабинет меңгерушілері бұйрықпен бекітілді. Мектеп сыныптарына оқуға қажетті жағдай жасалды. Оқушылар үшін қауіпсіз орта жағдайларын жасау мақсатында зерделеу жұмыстары жүргізіліп, жауапты адамдар бұйрықпен бекітілді.

*Қазан айында* техникалық құралдармен қамтамасыз етілген оқу кабинеттеріндегі техникалық құралдардың жағдайы зерделенді. Спортзал мен АӘТД кабинеттеріндегі инвентарьлардың қауіпсіздігіне шолу жасалды. Физика, химия, биология кабинеттеріндегі пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешенін зерттеу, зертханалық және практикалық сабақтарды өткізуге дайындық деңгейі анықталды.

**Мектеп директоры:** **Айтбаева М.Ж.**